



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№154
(20228)



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



7 қазан, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ



Қазақстан тәжірибесі — көптеген елге үлгі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік кеден ұйымының Бас хатшысы Кунно Микурияны қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Дүниежүзілік кеден ұйымының белсенді мүшесі ретінде ынтымақтастыққа ерекше көңіл бөлетінін айтып, Ұйым басшысының елімізге көрсеткен қолдауы үшін ризашылығын білдірді. Президент пандемия кезінде елімізде ұлттық экономика мен халықаралық сауданы қолдау жөнінде кешенді жұмыстар жүргізіліп жатқанына тоқталып, бұл жұмыстар қарқын ала түсетінін жеткізді. Кунно Микурия Президентке қабылдағаны үшін алғыс білдіріп, Қазақстанды Орталық Азиядағы қошбасшы ел деп атап өтті.

ДҚҰ басшысы Түркістан қаласындағы кедендік инфрақұрылым нысандарын аралағанын айтып, жаңа әуежайдың кедендік ресімдеу процесін жоғары бағалады. Кунно Микурия облыс орталығының «Шығыс-Батыс» бағытындағы транзиттік әлеуетінің маңызды екеніне тоқталды. Бас хатшы Қазақстандағы кеден саласының айтарлықтай жетістікке жеткенін атап өтті. Сонымен қатар Қазақстанның электронды кедендік декларациялау рәсімі мен «бір терезе» қағидатын енгізу тәжірибесі Ұйымға мүше көптеген елдер үшін озық үлгі бола алатынын айтты.

Кездесу соңында кеден саласындағы ынтымақтастықты жан-жақты дамытуға келісті.

● САПАР

ЕЛ МҮДДЕСІ ЕҢ БАСТЫ ОРЫНДА



Суретті түсірген БЕКСЖАНОВ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова арнайы іссапармен Арал ауданында болып, бірқатар әлеуметтік-мәдени нысандарды аралады. Сондай-ақ, зиялы қауым өкілдерімен, бірқатар шаруа қожалық иелерімен кездесті.

СБ Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Облыс әкімі алдымен аудан орталығындағы 2018 жылы ашылған «Суреттер сыр шертеді» тарихи мұражайында болды. Мемлекет және қоғам қайраткері Құдайбергін Саржанов 500-ге жуық сурет пен тарихи жәдігер жинақталған музей жұмысын таныстырды. Музейде Арал аймағында 1918 жылдан бастап балық шаруашылығын ұйымдастырып, теңізді өлкенің даңқын шығарған тұлғалардың фотосуреттері жинақталған. Сонымен қатар, елге, облыс пен ауданға танымал қоғам қайраткерлерінің фото жинағы, Арал теңізінің тарихы және Құдайбергін Саржановтың және экспонаттары қойылған.

Аймақ басшысы өңірдің тарихи-мәдени әлеуетін көтеріп, жас ұрпақты тәрбиелеуде мұражайлар мен кітапханалардың, ондағы жәдігерлер және кітап қорын қобейту ісі үлкен маңызға ие екендігін атап өтті. Сондай-ақ, музейдің құрмет кітабына қолтаңбасын қалдырды.

Әрі қарай облыс әкімі қайта жаңғыртудан өткен «Балықшылар» мұражайына барды. Мұнда мемлекет және қоғам қайраткерлері Құдайбергін Саржанов, Биғали Қаюпов, білім саласының ардагері Нұрлы Оспанов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әділбек Әйімбетовпен бірге музейді аралап, экспозициялық жұмыстарды көрді.



Суретті түсірген БЕКСЖАНОВ

● СЕССИЯ

КЕЗЕКТІ СЕССИЯДА КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бейсенбі күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен VII шақырылған облыстық мәслихаттың кезекті 6-шы сессиясы өтті. Оған облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов төрағалық етті. Алдымен облыс басшысы сөз сөйлеп, Елбасының стратегиялық бастамалары мен Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы аясында берілген тапсырмаларды іске асырудағы кешенді жұмыстарға тоқталды.

СБ Ыдырыс ТӨЖІҮЛЫ, «Сыр бойы»

— Өңір бүгінде «жасыл» аймақта болса да, пандемиямен күрес негізгі міндет болып қала береді. Қазіргі таңда инфекциялық төсек-орын саны — 760, оның ішінде реанимациялық төсек-орын саны — 85, жүктеме 41% құрап отыр.

2-бет

● ӨНІР ӨНІМІ

Дәмді сүзбе, тәтті кілегей

Қармақшы ауданына қарасты Дүр Оңғар ауылы егін шаруашылығымен айналысады. Мұндағы «Жаңажол» ЖШС жылына 3 мың гектарға жуық күріш егеді. Сондай-ақ ауыл еңбеккерлері қосымша мал шаруашылығын дамытуда. Әсіресе, ірі қара өсіруге ынталылар көп. Соның бірі — «Айман» шаруа қожалығы.

СБ Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Бұл шаруашылық мал өсіріп қана қоймай, одан шығар өнімін бүгінгі талапқа сай өңдей бастаған. Сүт өнімдерін шығаратын шағын кәсіпорнын құрып, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығынан 10 млн теңге несие алған. — Жобаны быыл 1 маусымнан бастадық. Мұның алдында ірі қара алуға осындай қаржылық қолдау неленіп, ол берешектен уақытында құтылдым. Қазір 20

бас сиырмы бар. Соның күнделікті сүтін пайдаға асырып келеміз. Қаржыға күніне 500 литр сүт өңдейтін қажетті құрылғыларды сатып алдым. Бізден шыққан өнім әзірге аудан орталығындағы дүкендерде сатылуға, — дейді шағын кәсіпорынның басшысы Дархан Айманов.

Дүррөн аралық кәсіпкер әзірге кілегей, күрт, сүзбе сияқты күнделікті қажетті өнімдерді аудан

халқына ұсынып отыр. Ал жаз айларында шағын цехта бұлмыздақ дайындалып, ауыл қарамолақтары да тәттіге қарық болатын.

Айта кетсек, Қармақшы ауданында 3893 кәсіпкерлік субъектісі бар. Оның ішінде биыл тіркелгені — 624.

— Мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына қатысты атқарылған жұмыс көп. Мысалы, өзінз көрген Дүр Оңғар ауылындағы сүт өнімдері. Осыған қаржы бөлген «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығының «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы аудандағы 25 жобаға 110 млн теңге несие берді. Ал «Бизнесің жол картасы-2025» бағдарламасымен 110 жоба 539,2 млн теңге несиемен қаржыландырылды. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бар. Бағдарламаның аты «Еңбек» деп аталады. Осының шеңберінде 65 жобаға 225 млн теңгеге жуық несие беріле, жаңадан кәсіп ашуға ұмтылған 150 адам өздері қорғаған бизнес жобалары арқылы 87,5 млн теңгенің грантын ұтты. Бөлім тарапынан кәсіпке ынталы, әсіресе, ауыл тұрғындарын шағын бизнеске ынталандыру, қолдау жұмысы тоқтаған емес, — дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Еркебұлан Әбдікерем.


2-бет

2-бет

Еңбек — мектептікі, ақы — ата-ананыкі, абырой кімдікі?

Расында, бүгінгі бала бұрынғыдай емес, бірінші сыныпқа әріптерді танып, сандарды қосып-алууды меңгеріп, дайын күйінде барады. Себебі, балабақша мен оқу орталықтарында қаламсаңты ұстауды, жазу-сызуды үйретіп, алғашқы даярлықтан өткізеді. Сөйтіп, алдын ала дайындықтан өтіп, одан қалды мектепте 11 жыл бойы білім алады. Десе де, осынау жылдар ішінде жинаған білімін таразыға тартатын шешуші сәтте келгенде оқушы неге абыржиды? Ата-ана нәліктен ақылы оқу орталықтарын жағалайды? 9-сыныптан кейін үлгерімі нашарларды кәсіптік білім беретін колледждерге баруға мұғалімдер не себепті үгіттейді? Сонда оқытушы өзі берген біліміне сенімсіз бе? Сұрақ көп...

СБ Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»



Облыста 22 мыңнан астам ұстаз болса, соның 94,2 проценті — жоғары білімді педагог. Кейінгі жылдары мұғалім өз біліктілігін арттыруға көбірек күш жұмсайтын секілді. Мамандығына қарай білімін жетілдіруге арналған апталық, айлық курстардан өткен, санаты жоғарыларға қосымша ақы төленетіні белгілі. Екі жылдың шамасында педагог мәртебесі заңмен шегеленіп, қоғамдағы орны белгіленді. Оларға жүктелетін міндет пен жауапкершілік те еселенуде.

3-бет

● АПЫРАЙ, Ә!

6 САҒАТ. 6,6 МЛРД ДОЛЛАР

Дүйсенбіде Facebook, Instagram және WhatsApp әлеуметтік желілерінің жұмысы алты сағаттан астам уақытқа тоқтап қалды. Оған қоса, хакерлер белсенділігі артты. Әлемдік БАҚ танымал форумдардың бірінде 1,5 миллиардтан астам желі қолданушының деректері саудаға түскенін хабарлады. Пайдаланушылардың аты-жөні, телефон нөмірлері, электронды пошта мекен-жайларының бұлай жаппай жариялануы бұрын-соңды болмаған. Privacy Affairs басшылығы бұл ақпараттың Facebook жөксе шығарды.

СБ Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

4-бет

СЕССИЯ

КЕЗЕКТІ СЕССИЯДА КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыста ұжымдық иммунитет қалыптастыру мақсатында еске салдырауға қабілетті 401 мың тұрғынның 78,6%-і вакцина алды, – деді облыс әкімі. Сондай-ақ 2021-2022 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық нысанын және қуаныштылық байланысты қолға алынған іс-аресттер електен өтті.

Арал ауданында қуаныштылық жағдайына орай төтенше жағдай жарияланғаны мәлім. Мал басы (596 бас) шығынға ұшырады. Осыған орай Үкімет резервінен мал азығына жұмсаған шығындарын ішінара субсидиялауға 1,7 млрд теңге қаржы бөлінді. Сонымен қатар, облыс әкімінің резервінен 250 млн теңге қаржы бөлінді, шөп тасымалдаушы көлік шығындарын жабуға, мал суаты, жайылымдарды, шабындықтарды және Қамыстыбас пен Ақшатау көлдері жүйесіне су жеткізу мәселелерін шешуге жұмыс жасалды. Бұдан бөлек, жеңілдетілген бағада 7,4 мың тонна жем алуға тапсырыс беріліп, «Байқоңыр» ӘКК-і АҚ-ның айналмалы қаражаты есебінен 100 млн теңге бөлінді.

Облыс әкімі осы бір сұрылдар уақыттан шығуға жергілікті шаруашылық торағалары, кәсіпкерлер белсене араласқанын атап өтті. Арал ауданында «Аралым айдын шаруашылығы» атты қайырымдылық қоры ашылып, жергілікті кәсіпкерлер, фермерлер, түрлі қорлар арқылы 262,9 млн теңге қаражат түскен. Жамбыл, Шымкент, Ақтөбе облыстарынан және аймақтың барлық аудандарынан шөп жеткізіліп, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға үлестіріліп берілді.

науканы 15 қазанға дейін толық аяқталды деп күтілуде.

Облыс әкімі азық-түлік бағасын тұрақтандыруға қатысты басты шараларды да атап өтті. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларына байланысты өңірлік тұрақтандыру қорымен жыл басынан осы күнге дейін 131,2 млн теңгенің 988,2 тонна азық-түлік тауарлары сатылды. Бүгінгі күнге қорда 1041,4 тонна өнім сақталып, төмен бағада сатылуға бағанын негізсіз өсінуіне жол бермеу үшін 2020-2021 жылдар аралығында облыстық бюджеттен 1,4 млрд теңге бөлінді. Нан бағасын тұрақтандыру мақсатында «айналым» схемасы арқылы облыс наубайханалары арзандатылған үнмен қамтамасыз етілетін болады. Осы ретте облыстық бюджеттен қосымша 700 млн теңге бөлу қарастырылды.

Аймақта осы жылдың 8 айында негізгі экономикалық макроқорығушы объектінің динамика байқалады. Сегіз ай қорытындысымен негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 158,1 млрд теңгені құрап, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 3,3%-ке жоғарылады. Есепті кезеңде жеке инвестициялар көлемі 114,8 млрд теңгені құрап, өткен жылдың 8 айымен салыстырғанда 11,1%-ке артты. Тұрғын үй салу жоспары 644,7 мың шаршы метр болса, 8 айда тұрғын үйді пайдалануға берудің болжамды көлемі 443,3 мың шаршы метрді құрап отыр. 2021 жылы 36 әлеуметтік нысанның құрылысын жүргізу жоспарланған. Бүгінгі күнге 4 нысан пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін 15 әлеуметтік нысанның құрылысын аяқтау көзделіп отыр, – деді облыс әкімі.

Сессияның күн тәртібіне сай алдымен облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ерлан Жаңабөзтіевтің есебі тыңдалды. Оның атап өткеніндей, биыл осы кезге дейін 48 мыңнан астам тұрғын табиғи газ пайдалану мүмкіндігіне ие болған. Бұл жұмыстарға 4,1 млрд теңге бөлінген. Жыл соңына дейін Қазалы қаласы, Шиелі ауданындағы Бекежанов, Қодаманов ауылдары газға қосылды.

Газдандыру жұмыстарының алдағы жоспарына сессияға дейін өткен тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысына қатысқан депутаттар тарапынан бірқатар ұсыныстар енгізілді. Осы отырыста халық қалаулылары «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ның газ бағасына қатысты сөт шешімдерін орындамай отырғанын ашына жеткізіп, салаға жетекшілік ететін жауапты тұлғалар нақты жұмыстар жүргізу керектігін қадап айтты.

Облыстық мәслихат депутаты С.Бижожа қала бойынша газдандыру жұмыстары 100% жүргізілмегенін, тұрғындардың бірқатары сұйытылған газ баллонмен отырғанын жеткізді. Сонымен қатар, жатақхана типінде салынған үйлердің газдандыруға қосылмағанын қаперге алуға сұралды.

Ал басқарма басшысының айтуынша, қаладағы қалып қойған көшелер бойынша қала әкімдігіне ұсыныс беріліп, алдағы уақытта олар жоба әзірлейді.

Мәслихат депутаты Т.Шаутай «Жиделі» топтық су құбыры Бірлескен ауылына дейін келуі керектігін, қазір жергілікті судың өзімен қамтамасыз етіліп отырғанын айтты. «Ал сол жоба қайда? Оны кім қаржыландырып отыр?» деді ол.

«Жиделіге» қатысты қазір қолға алып жатқан жоба бойынша «Такиркөл» бас су айдау станциясының диаметрі 400 мм болатын 32 шақырым Шиелі кентіндегі №3 насос станциясына дейін екінші желіні құрылысын салуымыз керек. Қазір мемлекеттік сатып алу жұмыстарында мердігерлер арасында талас болып жатыр. Бұл Су ресурстары комитетінің тікелей тапсырысымен жасалады, – деді бұл ретте басқарма басшысы.

Облыстық мәслихат депутаты Т.Тілеген Аралда Сексеуіл, Қамыстыбас елді мекендерін газдандыру қажеттігін жеткізіп, бұл жұмыстарды қаржыландыру мақсатында облыс әкіміне жүргізу қажеттігін ұсынып отырғанын жеткізді.

Сессияның қарауына 2021-2022 жылдарға арналған облыстық бюджеттің кезекті нақтылау мәселесін ұсынып отырмыз. Облыстық бюджеттің кірісі көзі 3,5 млрд теңгеге ұлғайтылып, бюджеттік бағдарлама әкімшіліктерінің пайдаланылған және үнемделген 3,8 млрд теңге қаржысы есебінен

жобасының құжаттарын әзірлеуге ашық конкурс жарияланып, 30 млн 297 мың теңге қарастырылған. Бұл жерде 5 млн 346 мың теңге қаржы үнемделіп отыр. Сол қаржыны Жаңақорған ауданының Бірлік елді мекеніндегі кентшілік газ тарату желілеріне осы жылы мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілсе, – деді ендігі кезекте депутат Ж.Ысқақ.

Осындай сұрақ-жауаптан кейін тұтынушылар құқын қорғаудың жаңы туралы департамент басшысы Е.Сүлейменов хабарлама жасап, мәслихат депутаттарының сауалдарына жауап берді.

Сессияда негізгі мәселе болған 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық облыстық бюджетке енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша оған дейін өткен тұрақты комиссия отырысында бірқатар мәселе айтылған болатын. Депутат Т.Тілеген облыстағы жекеменшік балабақшалардағы тәрбиешілердің 9 айдан бері жалақыларын толық ала алмай отырғанын, коммуналдық төлемдерді де ішінара төлеуге ғана мүмкіндіктері бар екенін жеткізген болатын. Әсіресе ауылдық жерлерде қатты қиындық сезілуде. Өйткені, осы мақсатта қаралған 1,2 млрд теңге әлі бөлінбеген. Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай осы жолы аталған қаржының 700 млн теңгеден астамы берілетінін мәлімдеді. Ал депутат Шакизат Әбдікәрімов Марал ишан кесенесіне дейін жол салу бүгінгі күні өзекті болып тұрғанын еске салды. Облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілеген бұл мәселе келесі жылы «Жиелі жер» бағдарламасына енгізілетінін айтты. Осы және өзекті деген бірқатар мәселелерге қатысты басқарма басшысы дәйектесе келтірді.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде 5 спорт кеші мен 1 денешынықтыру сауықтыру кешінен ұстау шығындарына байланысты 22,6 млн теңге көлемінде бюджеттік өтімін ұсынылды. Оны бюджет жобасына енгізуді жоспарлап отырмыз. Жаңақорған ауданындағы Томенарық елді мекеніне дейінгі жоғары қысымды газ жеткізу құбырларын салу және ауылшілік газ тарату құбырларын салу жобасына жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу барысында үнемделген 5,3 млн теңгені Жаңақорған ауданы Бірлік елді мекенінде кентшілік газ тарату желілерін Жаңақорған АГТС-тан бастап, жоғары қысымды таратылатын газ құбырларын салу жобасы құрылысын бастауға қайта бағытталуға. I инновациялық жобаны қаржыландыруға 12 млн теңге қаралуда. Сондай-ақ, Арал ауданында аудандық маңызы бар Қызылжар елді мекеніне қиреберіс автомобиль жолының орташа жөндеу жобасын қаржыландыру ұсынылған болатын. Бұл мәселені алдағы уақытта облыстық бюджеттің келесі нақтылауында қарасақ деген ұсыныс бар. Қармақшы ауданында балық цехының сыртқы электр жобасын қамтамасыз етуге 1 млн теңге бөлінді. Жаңақорған ауданындағы облыстық маңызы бар «Самара-Шамкент-Жаңақорған-Түгіскен-Келінтөбе» автомобиль жолдарының орташа жөндеу жұмыстарын аяқтауға 17,6 млн теңге, Сырдария ауданындағы аудандық маңызы бар «Қызылорда-Қоғалы-Шіркейлі» автожолын орташа жөндеу жұмыстарын аяқтауға 104 млн теңге, Шиелі ауданындағы «Шиелі-Жеміс-Жидек» автомобиль жолының 14-ші шақырымында орналасқан көпірді күрделі жөндеуге 10 млн теңге, «Шиелі-Қарғалы-Байқенже-Жаңақорған» автомобиль жолында орналасқан көпірді күрделі жөндеуге 10 млн теңге, Қазалы агро-



техникалық колледжінің спорттық және акт залының шатырын ағымдағы жөндеуге 9,5 млн теңге, Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі автоматтандырылған электрдың емтихан алаңын абаттандыруға 5 млн теңге, Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарындағы I топтағы мүгедектерге қызмет көрсететін жеке көмекшілердің қызметіне ақы төлеуі оның ішінде 614 адамға 41,4 млн теңге қаралуда, – деді Н.Қордабай.

Осы орайда облыс әкімі билығы салықтың түсіміне байланысты бюджетке өзгерістер енгізілетінін, кейбір объектілер бойынша республикалық бюджеттен қаражат сұрап, жоба құжаттамалары негізінде уақытын оздырып алмау мүмкіндіктері қарастырылып отырғанын жеткізді.

Мұнан кейін облыстағы жасыл ескелерді күтіп-ұстау және қорғау, қалаар және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекітуге сәйкес, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бауыржан Шаменовтың хабарламасы тыңдалды.

Жалпы, аймақты қорқыту жұмыстарында жүйелілік, нақты қағида қажет. Ол біріншіден бюджетті жоспарлау, екіншіден талап пен есептерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мәселе комиссия отырысында талқыланып, арнайы қағида бекітілген болатын.

Одан кейінгі өзекті мәселе – жерүсті су көздері үшін төленетін төлемдерді жөндеу бекітуге байланысты. Ауыл шаруашылығындағы жерлерге пайдаланылатын су үшін шаруашылықтар осы кезге дейін мың текше метрден 5,4 теңгеден төлеп келген. Енді оның құнын 117,7 теңгеге өсіру жөнінде ұсыныс айтылды. Бұл бұған дейін төлеп келген төлемдерінен 21 есе көп. Бұл халық қалаулылары қарсылық білдіріп, төлемдерінің бұрынғысына қалдыруды бір-ауыздан мақұлдады.

Сессия барысында сонымен қатар, тұрақты комиссияда талқыланып отырған облыс әкімінің дербес құраммен бекіту, облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы облыстық комиссияның құрамын бекіту, Жанарық ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның құрылысы, мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы облыстық Үйлестіру кеңесінің дербес құрамын бекіту, ҚР Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына облыстық білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру жөніндегі ұсыныстарды енгізу, сондай-ақ, ономастика комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы мәселелер көтерілді. Бұл орайда мәслихат депутаты Айтжанов ойнап отырған олардың тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, тиісті шешімдер қабылданды.

Апта кетейін осы сессия барысында ең маңызды – білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, құрылыс, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары сынды салалар бойынша депутаттар тарапынан барлығы 2,1 млрд теңге болатын 44 жоба ұсынылып, оның ішінде 1,5 млрд теңгеден астамын 41 жоба мақұлданды.

Сессия жұмысына офлайн режимде және Zoom платформасы арқылы онлайн-форматта қатысқан ҚР Энергетика вице-министрі Әсет Мағауов, KAZENERGY қауымдастығының Бас директоры Кеңбек Ибрашев, Еуропалық Қайта құру және даму банкінің Қазақстандағы өкілдігі басшысы Хусейн Оспан, KAZMORTANSFLAT OX Ltd қаржылық директоры Айзада Аққайсиева форум жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, ҚР Президенті жанындағы Өңірлер және отбасылық-демографиялық саясат істері жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ләззат Рамазанова, TotalEnergies Kazakhstan компаниясының басшысы Алем Фрига-Ной, Тембекиле Мандела қорының Бас директоры Нидлек Мандела, Қазақстандағы БҰҰ Өңірлер құрылымының ресми өкілі Мария Доценко және Getman Energy Agency халықаралық коммуникациялар жөніндегі аға сарапшысы Каролин Кролик баяндама жасалды.

Жиында гендерлік теңдік, әйелдерді еңбек нарығында қолдау және әйелдер қозғалысы мен негритарихи дамуға пандемия жағдайындағы проблемалар, олармен күресу жолдарын ұсыну мәселелері қозғалды.

Аймақ басшысы ел Президентінің биліктегі әйелдер үлесін 30%-ға дейін арттыру жөніндегі тапсырмасы өңірде жүйелі түрде жүзеге асырылатынын жеткізді.

– Қазіргі қоғамда әйелдің ролі ерекше екені белгілі. Олар кез келген салада табысты еңбек етіп, ел дамуына зор үлес қосып келеді.

Облыстағы әйелдер мемлекеттік қолдаудың арқасында бизнеспен айналысып, экономиканың дамуына белсенді атсалысууда. Жұмыс істеп тұрған 36 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 25 мыңнан астамы (45%) әйелдер құрды. Жыл басынан бері бизнесті дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында 14,1 млрд теңге, оның ішінде 8,3 млрд теңге (59,5%) әйелдерге берілді.

Ана мен баланы жан-жақты қолдау бағытында жұмыс жалғасуда. Бизнес-идеялары іске асыру үшін 518 көпбалалы отбасы 302,2 млн теңге сомасында қайтарымсыз гранттар алды, – деді облыс әкімі.

Түпнұсқа Әбдіқалиқова экономикадағы әйелдер санын арттыру мәселелері тұрақты бақылауда екенін және конференциялар мен форумдардың жұмысына қатысу арқылы басқа өңірлердің озық тәжірибесі тиімді игерілетінін жеткізді.

Сондай-ақ, аймақ басшысы кәсіпкер әйелдерді қолдау, көпбалалы отбасыларға көмек көрсету секілді жұмыстарға тоқталып, түрлі салаларда нәзікқандылардың әлеуетін жан-жақты дамыту бойынша бірқатар ұсыныс айтты.

Тендік және табыс

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалиқова KAZENERGY әйелдер энергетикалық клубының халықаралық V форумы аясында «Әйелдер энергия саласында: тендік және табыс» тақырыбындағы пленарлық сессияға қатысты.

Сессия жұмысына офлайн режимде және Zoom платформасы арқылы онлайн-форматта қатысқан ҚР Энергетика вице-министрі Әсет Мағауов, KAZENERGY қауымдастығының Бас директоры Кеңбек Ибрашев, Еуропалық Қайта құру және даму банкінің Қазақстандағы өкілдігі басшысы Хусейн Оспан, KAZMORTANSFLAT OX Ltd қаржылық директоры Айзада Аққайсиева форум жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, ҚР Президенті жанындағы Өңірлер және отбасылық-демографиялық саясат істері жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ләззат Рамазанова, TotalEnergies Kazakhstan компаниясының басшысы Алем Фрига-Ной, Тембекиле Мандела қорының Бас директоры Нидлек Мандела, Қазақстандағы БҰҰ Өңірлер құрылымының ресми өкілі Мария Доценко және Getman Energy Agency халықаралық коммуникациялар жөніндегі аға сарапшысы Каролин Кролик баяндама жасалды.

Жиында гендерлік теңдік, әйелдерді еңбек нарығында қолдау және әйелдер қозғалысы мен негритарихи дамуға пандемия жағдайындағы проблемалар, олармен күресу жолдарын ұсыну мәселелері қозғалды.

Аймақ басшысы ел Президентінің биліктегі әйелдер үлесін 30%-ға дейін арттыру жөніндегі тапсырмасы өңірде жүйелі түрде жүзеге асырылатынын жеткізді.

– Қазіргі қоғамда әйелдің ролі ерекше екені белгілі. Олар кез келген салада табысты еңбек етіп, ел дамуына зор үлес қосып келеді.

Облыстағы әйелдер мемлекеттік қолдаудың арқасында бизнеспен айналысып, экономиканың дамуына белсенді атсалысууда. Жұмыс істеп тұрған 36 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 25 мыңнан астамы (45%) әйелдер құрды. Жыл басынан бері бизнесті дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында 14,1 млрд теңге, оның ішінде 8,3 млрд теңге (59,5%) әйелдерге берілді.

Ана мен баланы жан-жақты қолдау бағытында жұмыс жалғасуда. Бизнес-идеялары іске асыру үшін 518 көпбалалы отбасы 302,2 млн теңге сомасында қайтарымсыз гранттар алды, – деді облыс әкімі.

Түпнұсқа Әбдіқалиқова экономикадағы әйелдер санын арттыру мәселелері тұрақты бақылауда екенін және конференциялар мен форумдардың жұмысына қатысу арқылы басқа өңірлердің озық тәжірибесі тиімді игерілетінін жеткізді.

Сондай-ақ, аймақ басшысы кәсіпкер әйелдерді қолдау, көпбалалы отбасыларға көмек көрсету секілді жұмыстарға тоқталып, түрлі салаларда нәзікқандылардың әлеуетін жан-жақты дамыту бойынша бірқатар ұсыныс айтты.

ЕЛ МҮДДЕСІ ЕҢ БАСТЫ ОРЫНДА

– Қор 300 миллион теңге мөлшерінде Арал қаласының отбасыларына «Баламекен» жобасы бойынша жаңа пәтерлер сатып алуы қаржыландырылды. Жоба 2019 жылдан бастап жүзеге асырылып, 4,1 миллиард теңге сомасына Қызылорда, Арыс, Мырзақент және Арал қалаларында 390 отбасына жаңа баспанамен қамтамасыз етіліп, – деп атап өтті Болат Отемуратов қорының директоры Марат Айтғамабетов.

Ис-шара соңында қор директоры қуаныштылықпен ардап теккен Беларан ауылдық округі тұрғындарына ауыз су тасымалдайтын жаңа автокөлік кілтін табысты.

Исәпар барысында облыс әкімі бірқатар шаруа кожалықтарының неілерімен де кездесіп, пікірін тыңдады. Алдымен Аралқұм ауылдық округінде тұратын шаруашыларының қысқы мал азығын дайындау мәселелерін саралады. Аудан әкімі Серік Серғамабетов өңірдегі қуаныштылықты енесу бағытындағы атқарылған жұмыстарды тізбелеп, қазіргі таңдағы ахуалды баяндады.

Бүгінде аудан бойынша 114,1 мың бас шартты мал басы қысқа күзге дайын, оған 184,6 мың тонна шөп және 37,6 мың тонна жем қажеттігі нақтыланды.

– Қазіргі таңда ауданда сыртан тасымалданған шөптің есебі 79007 тонна болса, өткен жылдан қалған шөп көлемі 4512 тонна. Өзіміздің территориядан орғылған шөп көлемі 41098 тоннаға жетіп отыр. Бүгінгі күнге ауданда қажетті 184640 тоннаның 124617 тоннасы қамтамасыз етілді. Сонымен бірге, солтүстік облыстардан қысқы мал азығын сатып алу мақсатында ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің келісімі бойынша «Азық-түлік келісім шарт» ҰК» АҚ арқылы жеңілдетілген бағада жем сатып алуға тапсырыс беріліп, операторлар анықталды. Мұнан бөлек, көршілес Ырғыз ауданының алқатарынан шөп қорын жасақтау жөніндегі меморандум жасалды, – деді Серік Серғамабетов.

Был облыс әкімінің игі ниетімен тауар өнімдердің мал азығына жұмсаған шығындарын ішінара субсидиялауға республикалық бюджеттен резервінен 1,7 миллиард теңге қаржы бөліп, жем-шөпке қаралған қаражат игерілуде. Сондай-ақ, орын алған қуаныштылыққа бай-

10 ҚАЗАН – ҚАЗАҚСТАН КӘСІПТІК ОДАҚТАРЫНЫҢ КҮНІ

Кәсіподақтар қозғалысы – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында өзіндік оры бар ірі қоғамдық ұйым. Қазір облыстық кәсіподақтар бірлестігі 12 салалық кәсіподақта 1018 ұйымды, 101 632 мүшесін біріктіреді. Еңбек кодексі негізінде келіссөздер жүргізіліп, құқықтық кеңестер беру жүзеге асырылады. Айтпа кетейін, Үкімет қаулысымен 10 қазан – Қазақстан кәсіптік одақтарының күні болып бекітілген.

Гүлшара ӘБДИҚА
«Сыр бойы»

Мереке аясында қаладағы Жастар орталығында облыс кәсіподақтарының салтанатты жиыны өткізілді. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Балжан Шаменова қатысып, мерекемен құттықтап, ұйым жетекшілеріне, сала үздіктеріне облыс әкімінің марапаттарын табыс етті.

– Кәсіподақ ұйымдары үшін еңбек адымының қауіпсіздігі басты назарда болуға тиіс. Туындаған қиындықтарды дер кезінде шешіп, барлық тараптың ынтымақтастығы болу – кәсіподақ ұйымдарының негізгі міндеті. Бүгінде облыс әкімі жанындағы ұжымдағы комиссиялар осындай мәселелер қаралып, тиісті шешімін тауып отырады, – деді Б.Шаменова.

Мерекелік жиында ҚР Кәсіподақтар Федерациясы төрағасының орынбасары Сұлтан Қалиев, облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы, облыстық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Максұт Нәлібаев құттықтау лебіздерін білдіріп, бірқатар бастаушы кәсіподақ ұйымдарының жетекшілерін, еңбек ораттарын арнайы төсбелгімен марапаттады.

Көп жыл кәсіподақ ұйымдарын басқарған, сала ардагерлері Ақмыра Сұлтанқызы, Өмірбек Жүсіпов сөз сөйлеп, кәсіподақ ұйымдары қоғамдағы, жұмыс орнындағы түрлі қиын кезендерде ұжым арасында ауызбірлік пен тұрақтылықты сақтап, жұмысты ұтымды үйлестіре білуі қажеттігін атап өтті. Жауапты міндетті атқаруға жемісті еңбек етіп келе жатқан өріпестерің мерекемен құттықтап, алғыс білдірді.

Мерекелік шараға еңбек саласындағы әлеуметтік өріпестер, кәсіподақ ардагерлері, аймақтағы салалық кәсіподақ төрағалары және бастаушы кәсіподақ ұйым белсенділері, озат еңбеккерлер, жалпы кәсіподақ мүшелері қатысты.



Аудан жаңалықтары
Жылу ерте берілуі мүмкін

Қызылорда. Қалада жылу жылыдағыдан ерте берілуі мүмкін. Дайындық жұмыстары бекітілген жоспарға сай атқарылау.

Осы аптада қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Бауыржан Оспанов бірқатар үйдің дайындығын тексеріп, тұрғындармен тілдесті.

Қазір Титов шағын ауданындағы №2 және Бейбітшілік көшесінде орналасқан №26 көпқабатты тұрғын үй өңірлерінде жұмысшылар инженерлік жүйені ауыстыру жұмыстарын атқарып жатыр. Бұған дейін тұрғындар шағым білдірген Скатов көшесіндегі №111 үйдің өңірінде де арнайы техникамен лас суды жинау және коқыстан тазарту жұмыстары жүргізілуде.

Ауыл алғыс айтады

Арал. Қуаңшылыққа байланысты белгілі меценат, жерлесіміз Болат Отемұратов қорына бөлінген қаржыдан қолдау-көмек көрсету жалғасуда.

Жақында Беларан ауылдық округі халқына 16 тонна шөп, 22 тонна жем тегін таратылды. Қолдау төрт түлкінен нопақа тауып отырған жандарды серіленткен рас. Жергілікті тұрғын Жакып Жұбанұлы төтенше жағдай кезінде жанар-жағармайдың төмен бағада берілуі де көмек болғанын айтады.

Әкім редакцияға келді

Қазалы. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев газет редакцияларына арнайы барып, тыныс-тіршілігімен танысты.

Алдымен аймақтық «Тұран Қазалы» газетінің баспаханасында болды, содан соң облыстық «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Қазалы» газетінің ұжымымен кездесті.

Аудан басшысы «Газет редакциялары – шығармашылықтың ордасы, калагерлердің құтханасы. Басылымдардың ауданның рухани мәдени дамуында алатын орны ерекше» деген оймен бөлесті.

Қабылдау болады

Қармақшы. 7 қазан күні сағат 11:00-12:00 аралығында қармақшылықтарды қабылдау өтеді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облысы бойынша департаментінің басшысы Рахат Бисенов пен облыс бойынша мемлекеттік қызметкерлер департаментінің басшысы Галымжан Орынсұл аудан тұрғындарымен ашық пікір алмасу, мәселесіне құлақ асады. Қабылдау «Nur Otan» партиясының аудандық филиал ғимаратында өтеді.

Жәрменке өтеді

Жалағаш. 9 қазан күні Абай көшесіндегі бойында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі өткізіледі.

Құрт, піскен айран, дәмді балық пен қауырсындардың жұртшылыққа нарықтан 10-15% төмен бағада ұсынылмақ. Аята кетейік, бұған дейін аудан шаруалары қала орталығында өткен молшылық шарасына 150 тоннаның өнімін алып келген болатын.

Маңызды мәселелер қаралды

Сырдария. «Nur Otan» партиясы Сырдария аудандық филиалында саяси кеңес бюросының отырысы өтті.

Басқосуда аудан әкімі, партияның аудандық филиалының төрағасы Мұрат Ерғешбаев Қалжан ауыл ауылдық округі әкімінің сайлауына партия атынан ұсынылатын кандидаттарды нақтылау, филиалдың кезектен тыс ХХХІІІ конференциясының күн тәртібін бекіту мәселелерін көтеріп, ұсыныстары тыңдалды. Отырыс соңында қаулы жобасы бйрауыздан мақұлданды.

Жақаев ізбасарлары

Шнелі. Қазір «Ыбырай Жақаев ізбасарлары» қозғалысы күш алды.

Оның мақсаты – ақ күршітен тау тұрғызыған жақаевшылардың ізін жалғау.

Жақында жастар аудандағы «Алтын дән» ЖШС егін алабында көнігі дикандармен тен еңбектеніп, күзгі даланы дүбірге толыртты қайтты. Өңірдегі түрлі оқу орындарының студенттерінен құралған жасақ құрамында 20-ға жуық жас бар.

«Әлеуметтік желіде абай болу керек»

Жанақорған. Аудан прокуроры Дарын Әбіш кент тұрғындарымен кездесті.

Жинда жер мәселелері және ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне енгізілген өзгерістер талқылауда, қоғамда кен етек алған – алаяқтық қылмыстардың алдын алу мәселесі де шешілген жер.

Прокурор әлеуметтік желі арқылы жасалатын қылмыстың өршіп тұрғанын айтып, тұрғындарды пайдаға кенеліміз деп сан соғып калмауға шақырды.

«СБ» ақпарат

«Адамзат сапарының мейманымыз, Бір мезет жер бетіне кетер соғып» – деп ұлы Қасым ақын айтқанындай, Сыр өліндегі Бақытжан аға дүниеден озды деген қаралы хабарды естігенде, «алыстан енді ғана асып еді ғой» деп, асыл ағаны сұм ажалға қималдым. Алып жас – адамның кемеліне келіп, алдыңғы толқын ағаларының ізін басып, соңғы толқын інілері құрмет тұтып, ілтипат танытатын уақыт. Қазекенің «алпыс – тал түс» дегенінде халқына бергенінен берері көп, алда әлі алар асулар мен белес-белдері бар кезеңі ғой. Бірақ маңдайға жазылған тағдырға иман келтірген мұсылман емесіз бе? Қайығдан жүрегіміз қақ айырыла, ұлы Жаратушы ісіне көңілдік.

Бақытжан ағамен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде танысып едік. Бірге қызмет атқарған уақытымды тағдырға таусылмас рухани азық сыйлаған ең жемісті өмір мектебін деп санаймын. Жүзі мейірімді, сөзі мақпал, тіршілігінде өнегесін көріп, тәлім алған аяулы аға бақылық сапарға озғанымен, мейірімді дилары мен асыл қасиеттері жадымызда мәңгі сақталатыны сөзсіз.

Қазақтың «Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ», «Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей» деген киелі тәмсілі Бақытжан ағаға арналғандай. Оның Атырау университетінде бірінші проректор, кейіннен ректор міндетін атқарушы ретінде жасаған игі істерін ұжым әлі сағыныспен еске алады. Қызмет бабымен де, жеке сыйластығым барысында Бақытжан аға өзін асқан парасатымен, сабырлы мінезімен, әділдігімен, терен кәсіби білімімен, жұртпен сыйластығымен, тазалығымен, өнерлілігімен, тоқ-етерін айтқанда, биік болмы-

сы, кісілік келбетімен көрсете білді. Осындай ізгі қасиеттердің барлығын бір бойына жинаған аға болмысынан адамдықтың, адамгершіліктің ғажайып үлгісін көретініз. Саналы ғұмыры жоғары мектеп саласына арнап, «өз ісінің маманы, көпшіліктің адамы» (әл Фараби) бола білген Бақытжан Әбдіқалықұлы еліміздің жоғары білім жүйесіндегі оқу жұмысын ұйымдастырудың, басқаруын тәжірибелі кәсіби маманы еді.

Қызмет барысында кез келген күрделі істе саликалы ой, сабырлы көзқарас білдіре отырып, мәселені сана сарабына, ой таразына салып шешетін. Үлкен-кішімен сыпайы тіл табыса білетін, сабырлы да салмақты, артық сөзі жоқ, әр іс-қимылында білікті тұлғаға лайық байсалдылық таныта отырып, ізгі қасиеттерімен әріптестеріне үлгі бола білді. Көпшіліктің

көңілінен шыға отырып, нақты шешім қабылдап, қолға алған істі дегенге жеткізу, ойлаған жоспарды жүзеге асыру секілді асыл қасиеттер бір бойыннан табылып, алғұрлық танытқанда ғана сеніммен басқарла санасуға, айтқаныңды тыңдап, орындайды, өзіңді мойындайды. Аға өте ұстамды, айтатын пікірін терен ой толғауынан откізін барып сөйлейтін. Кез келген істі қолға алғанда ақыл-аудан бұрын, жол көрсетіп, өзі

верситеттің оқу бөлімінің құрылымдық бөлімдеріне меритократия қағидатына сай жауапты қызметке кілең «сен тұр, мен атайын» дейтін терен білімді, заманауи технологияны меңгерген жігерлі, іскер мамандарды тартты. Сол тағайындаған кадрларының барлығы сенімді абыроймен ақтай білді және қазір алды ректор, проректор сияқты үлкен қызметтік лауазымдар атқаруда.

«Ат, есімді біреу береді, ал тағдырды өзін жасайсын» демекші, Бақытжан ағаны халық ағарту саласындағы қажырлы адал еңбегімен қоса, ғылымдағы жетістігімен, өз-өзін даралап, таныта білген саңлақтардың бірі деуге болады. Бойына дарыған ерекше бір қасиет – тамаша өңімшілігі. Егер ұстаздықтың таңдамалы өнер жолына түскенде де биік белестерді бағындырар ма еді деп ойлаймын. Себебі, ол кісі халық әндері мен бұл күндері ұмытылып бара жатқан ретро әндерді шырақанда әдемі, қоныр дауысы кәсіби өңімшілерден кем емес, жанын сергітіп, сазды әуеннің ырғағына балқып, ерекше бір сезімде боласын. Әрқимші өмірдегі алған асуы мен шыққан биігі халқымыз «тектілік» берген қасиетті ұғыммен байланыстырады. Бұл қасиет жайында айтылған «тегіне қарай

ұрпағы», «тектен нәр алған тозбайды», «тегіңде бар тектілік», «тектіңің тұяғы» сияқты тәмсілдерге қоса,

«Тектің текті туалды, Тектілік тұқым қуалды. Тектілердің тұяғы, Таңдайды күз-қияны...» деген Бекасыл әуленнің қасиетті сөзі астарында терен ой, даналық көзқарас жатыр. Бақытжан Әбдіқалықұлының да кездесек тұлға еместігі, бойындағы асыл қасиеттері мен адами парасатты-азаматтықтың өнегесі, алдыңғы буындағы аға ұрпақтың құрметіне бөленген, кейінге ұрпаққа үлгі болған біртұрақ тұлға еді. Артына қалдырған мол рухани мұралары арқылы сағаттың күннің ұмылмайтын құйылғанды ғұмырлық зәулім мүсінін сомдап кетті. Ардақты есімі жас ұрпақ санасында керуен көші жылқыған сайын мұзарт шыңдардай асқақтай берері сөзсіз!

Бақытжан аға тек бір атаңның баласы, бір отбасының тірегі емес, адал еңбегімен, өнегелі ісімен, адамгершілік қасиеттерімен, басшылық қарым-қабілетімен ел мүддесі жолында аянбай, тер төге қызмет еткен асыл тұлға болды. Бойындағы ерен адамгершілік қасиеттері – мейірімділігі, адалдығы, парасаттылығы, адама қамқорлығы, жас ұрпақ тәрбиесі жолындағы қажырлы еңбегі, биік болмысы мен кісілік келбеті көзін көріп, өзімен сыйлас, әріптес болған және тәлім-тәрбие алған шәкірттері көкейінде жанғырып тұрады хақ.

Киелі Сыр өңірі жұртына, ағамыздың отбасы, жалпы әулетіне орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтаймын. Асыл ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы салауат болсын. Қорға алмай кеткен қуаныш-қызығын Алла тағала артында қалған ұрпағына нәсіп етсін.

Солтандық ҚАСЕНОВ, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің доценті. Алматы қаласы

Кез келген мемлекеттің даму деңгейін айқындайтын критерийлердің бірі – мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамдағы орны, оларға деген қоғамның көзқарасы. Ұзақ уақыт бойы біздің елімізде оларға көңіл бөлуге экономикалық жағынан мүмкіндік болған жоқ. Елбасының тапсырмасы бойынша бүгінде мүгедектерге қамқорлық жасауға басымдық берілген.

Кедергісіз орта қалыптасып келеді



Әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Әлеуметтік қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін лауазымды адамдарға 50, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 120, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 200, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу көзделген.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды өңірде Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаменті тексеру нысанында және өзге де нысандарға жүзеге асырылды. Салалағы мемлекеттік бақылау шараларын жергілікті жерде жүргізу үшін 2016 жылдан бастап департаменттің құрамында бақылау бөлімі ашылып, қызмет атқарып келеді. Аталған бөлім міндетіне негізінен мүгедектерді әлеуметтік қорғау, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету заңнамасының сақталуына бақылау жүргізу жатады. Бытырт барлығы 42 объектіге қатысты профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 124 заңбұзушылық анықталды. Олар туралы ұйғарымдар беріліп, заңбұзушылықтар толығымен жойылған.

Жоспардан тыс тексеру нәтижесімен 3 айыппұл салынып, бюджетке төленген. Өткен 9 ай қорытындысымен 16 объектіге қатысты профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер жүргізілді. Тексерулер нәтижесімен мүгедектердің қолжетімділігі бойынша 35 заңбұзушылық анықталып, оларды жою туралы ұйғарымдар берілді. Жоспардан тыс тексеру нәтижесімен 1 айыппұл салынып, төленген.

Мүгедектерді бар адамдарға кедергісіз орта құруда қоғамдық бірлесушіліктер мен үкіметтік емес ұйымдар өте маңызды роль атқарады. «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы» Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасының аясында биыл облыс бойынша бейімдеуге жататын 258 әлеуметтік инфрақұрылым нысанының қазіргі уақытта 208-і толық бейімделген. Қалған 50 нысан бойынша бейімдеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағытта «Кедергісіз келесек» партиялық жобасы аясында қоғамдық бақылау жүргізетін «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының белсенді қызметін атап өтуге болады. Партия филиалы жүргізген қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша департамент биыл 13 объектіні жоспардан тыс тексерді.

Тексерулер нәтижесінде мүгедектердің қолжетімділігі бойынша 9 заңбұзушылық анықталып, оларды жою туралы ұйғарымдар берілді. Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі бойынша 364625 теңгеге 5 айыппұл салынып, бюджетке өндірілді.

Е.ЖАЛҒАБАСАЕВ, Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаменті басшысы

Еңбек – мектептікі, ақы – ата-ананыкі, абырой кімдікі?



Бұл ретте қаладағы Ә.Мүсілімов атындағы №101 казак орта мектебінің директоры Айгүл Өткелбаеваның пікірін білген едік.

– Білім саласында жұмыс жасағанымыз 22 жыл болатын. Мектепті ұстап тұратын үш кит болса, олар олимпиада, ғылыми жоба, Ұлттық біріншілік тәсілдер деп едім. Жыл сайын 9-сыныпты аяқтап, 10-ға өткен балаға қандай бағытта мамандық таңдауына байланысты жұмыстар жүргізе бастаймыз. Біздің мектептен мемлекеттік грант иегерлері көп шығуда. Биыл 103 оқушы бітірсе, соның 61-і грант иеленді. Мектеп жаратылыстану-математикалық бағытта болғандықтан, балалар химия-биологияны таңдайды. Биылғы 11 сыныптардан ұдайы сынама тесттері алуында. Оның нәтижесін оқушылар ұстандарымен бірге талдайды. Жыл сайын қоғамдық бақылау өткіземіз. Бұлда оқушылар 2000-3000 сұраққа жауап беріп, өзінің қай пәнінен үлгерімі қандай деңгейде екенін біледі. Қазір оқушылар мен әлеуметтер бойынша дайындалуда. Қараша айында қоғамдық бақылау тапсырады. Кей ата-аналардың пікірінше, қосымша оқу орталығында ақы төлеп оқытса нәтиже керемет болады деген түсінік бар. Оқушы қосымша оқу орталығына барып, жыл аяғында жақсы нәтиже шығарса, сол орталық «біздің жұмысымыз» деп мақтанады. Егер оқушы төмен балл жинаса, онда «мектептің мұғалімі дайындалмады» деген ой қалыптасады. Қазір 10-11 сыныптарды жыл сайын ҰБТ-ға дайындап жүрген білікті, тәжірибелі мамандар жетерлік. Қосымша ақы төлеп, ата-анасының қалтасына салмақ салғанына, түстен кейін бір мезгіл мектепке келіп, аяпайларым дайындалып та жақсы нәтиже көрсетуге болады, – дейді А.Алтынбекқызы.

Қаламызда жыл сайын аққылы оқу орталықтары көбейіп келеді. Осыдан біршама жыл бұрын тек бастауыш сыныптарды оқытатын орталықтар жұмыс істесе, қазір барлығы дерлік ҰБТ-ға дайындалыды. Есесіне, жарнамасы жер жарарды. Жасаратыны жоқ, өз шәкіртің осындай орталықтарға жолайтын педагогтарды көріп те жүрміз. Мұндайда, мұғалім 45 минутта 30 оқушымен бірдей жұмыс жасайды кіндіңдығын айтып ақталды. Алайда, сол оқу орталығында ақылы түрде сабақ беретін де орта мектептің мұғалімі екені белгілі. Бала үшін бар жинаған-тергенін беретін ата-ана айналып келгенде қалтасынан қағылады. Оқушы үстес, ұстанының біліктілігіне сенім жоғалтады. Шындап келгенде, ҰБТ-дан жоғары ұпай жинаған оқушы

найы келетіндер бар. Әсіресе, бітіруші сыныптың оқушылары көп. Жыл басынан бері 60 оқушы ҰБТ-ға дайындалуды бастап кетті.

– Өзім 2013 жылдан бері есімі салада жұмыс жасап келемін. Тәжірибем мол. Араға үш жыл салып оқу орталығын ашуға тәуекел еттім. 2017 жылдан бастап сұранысқа сай ҰБТ-ға дайындай бастадық. Өйткені, көп ата-ана мектептегі мұғалімдердің білім беру ісіне көңілі толмай балаларын тестке дайындап беруді өтінген еді. Жетістіктер көп. Бізге оқыған оқушылар 100 процент грантка түсті. Алды еліміздің белді оқу орындарының төртінші курсы тәмамдап жатыр. Бітіруші оқушылар жарнамасыз-ақ алдыңғы жылы оқуға түскендердің берген кенесі негізінде келеді. Біздің оқу орталығының артықшылығы – тек мектеп бағдарламасын қайталап оқытамыз. Өткен сыныптардағы тақырыптарды бала ұмытып қалады. Келген баланы мына салмақ салмаймыз. Тест алып та жүйкесіне тимейміз. Мектепте қандай бағдарламамен оқыды, соны оқытамыз. ҰБТ-да да берілетін сұрақтар өтпеген бағдарламадан келмейді. Осыны көп ата-ана түсінсе деймін. Тағы бір айтарым, баласымен тығыз байланысты жасайтын ата-ана. Сондықтан бізге қарағанда олар баласының деңгейін жақсы білуі керек. Қай салада грант барын көп ата-ана сұрайды. Баланың таңдауы мен қабілетін ескермейді. Біз алдымен қай оқу орнында қай мамандыққа грант бөлінгенін түсіндіріп айтатымыз. Мұндай бағыт-бағдарды көп орталықтар 5 мың теңгеге ақылы түрде орындап береді. Ал бізде кенес беру тегін жүргізіледі. Биыл медицина саласына 500 грант аз бөлінсе, керісінше апаратын технологияға 1500 грант берілді. Бұрын Қорқыт ата университетінде мұнай-газ саласына грант аз бөлінетін еді, өткен жылы көбірек беріліпті. Соның нәтижесінде оқушыларымыз тегін білім алуда. Жоғары оқу орындарына 56-55 балмен де ілігін кеткендер бар. Биылғы жылдың ерекшелігі жана бағдарламамен, жана кітаптармен дайындалуды қолға алдық. Қазіргі сегізінші сыныптар сол жандарыңа бағдарламамен білім алуға. Тестке өзгерістер енгізіліп жатыр. Болшақта мемлекетте өткен тақырыптар негізінде тест кітапшаларын шығаруды мақсат етіп отырмыз. Бұл балаға жеңіл әрі тиімді. Қалай дайындалуға болатыны да біледі, – дейді орталық директоры.

Иә, мектепте алған білімі оқушыға өмірлік азық болуы тиіс. Мұғалімнің мәртебесі арттып, оларға мемлекет тарапынан едәуір қамқорлық жасалауда. Биылдың өзінде облыстағы 10 үздік педагогке 875 мың теңгеден сыйақы берілді. Жыл сайын жалмақы арқан ұстаздардың ұрпақ алдындағы жауапкершілігі аласарма дейміз. Себебі, болашақтың басталудағы балабақшадан бастап, одан әрі мектеп қырынағасында қаланады. Бала бойына ілім мен ғылымды сіңіретін ұстаздың парасаттылығы мен біліктілігі деңгейі әрдайым жоғары болуы тиіс. Түпінні айтқанда, ҰБТ-дағы оқушының білім көрсеткішіне және оны дайындауға қатысты екіұдай пікір бар. Шынығында, мұндағы абырой 11 жыл білім мен тәрбие берген мектептікі ме, әлде шешуші сәттегі ақылы оқу орталықтарыныкі ме? Қалай ойлайсыз?

Түптеп келгенде, әр баланың бойында ерекше қабілет бар. Психолог мамандар оны үш жасында-ақ анықтауға болатынын айтады. Мәселен, екі бала өнерге жақын болса, енді бірі есепке жүйрік. Қазір тіпті ер балалардың аспаздық бейімі байқалауда. Көп ата-ананың жіберетін қателігі осында. «Егер баласының қабілет-қарымы бір кәсіпті үйренуге жақын болса, оны жоғары оқу орнына түсуге итермелеп, ҰБТ тапсыруға міндеттемеу керек», – дейді «IQ» оқу орталығының директоры Назым Сәрсенқызы.

Ашылғанына 5 жыл уақыт болған бұл орталықта 100-ден астам оқушы қосымша білім алуға. Қаланың шет аймақтарындағы мектептерден де ар-

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ



Жақында «Сыр өңірі фольклорлық антологиясының» 1 томы «Жанқожа батыр» жинағы аймақ басшысының қолдауымен жарыққа шыққан болатын. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған тың тартудың тұсаукесері кеше Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында өтті.

«Жанқожа батыр» жинағының тұсауы кесілді



Антология Елбасы-ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласындағы «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасын жүзеге асыру мақсатында қолға алынды. Оның ішінде әдебиет пен өнер зерттеушілері үшін маңызды дерекке толы «Жанқожа батыр» жинағының мазмұны терең. Мұнда батырға арналған тарихи жырлардың, оның ішінде Мусабай жырау, Лұқпан Кенжеғұлұлы, Карман Сұлтанұлы, Жекей Шаңғытбайұлы, Орныкбай Сұлтановтың жыр нұсқалары топтастырылған.

М.СНАДИН



Қуыршақта не сыр бар?

Жүз жыл бұрын қазақ балалары қуыршақпен ойнауға әуес болған. Тарих солай депі. 1899 жылы Семей облысы Саумалкөл маңында этнографиялық және археологиялық коллекция жинаушы Самуил Дудин түсірген мына фотодағы қуыршақ XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында өмір сүрген 3-10 жастағы қазақ қыздарының сүйікті ерметі болыпты.

Мәдір КАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Ісер Фариза Құндызбаеваның оқыған мамандығы таңдаған кәсібін мүлде алып. Бала жанының бағбанына айналған ол жұмыстан кейін сүйікті ісіне көңіл бөледі. Тапсырысқа «Tilda» стиліндегі жұмсақ қуыршақ тігеді. Баланың ойнауына, үй интерьерінің сәнін келістіруге де ыңғайлы туындыға тұтынушылар көбіне Instagram әлеуметтік желісі арқылы тапсырыс беруді. 1990-жылдардың соңында норвегиялық дизайнер Тон Финнангер ойлап тапқан «Tilda» несімен ерекше және Фаризаның таңдауы неге осы стильдегі қуыршаққа түсті?



Олардың бірі: әлемдегі ең танымал бренд Тон Финнангер 25 жасында колорер дүкенінде жұмыс істеп жүрген уақытында анимациялық фильмдерге кейіпкер жасауды армандаған.



6 сағат. 6,6 млрд доллар

Бірақ бірнеше сағатта-ақ Facebook негізін қалаушы Марк Цукерберг 6,6 миллиард доллар шығынға батып, Forbes тізімінде алтыншы орынға түсті. Осының өзі ғаламтұрдың, әлеуметтік желілердің қоғам өмірінің маңызды бір саласына айналып үлгергенін айтақты. Сала мамандары бұл жағдайға байланысты түрлі пікір айтады. Бірақ барлық пікірлердің тоғысар тұсы біреу – әлеуметтік желілерде және жалпы IT саласында монополияға жол бермеу керек.

Бақұл бол, ардақты аға



Сыр өңіріне белгілі азамат, «Аралтұз» акционерлік қоғамының ардагері Досжанов Сейтжан Қысықұлы 89 жасқа қараған шағында өмірден озды. Сейтжан Қысықұлы 1933 жылы дүниеге келген. «Аралтұз» комбинатына көп еңбек сіңірген азамат. Тұз қолында пех бастығы болған жылдары тұзшылардың өнімді іске жұмылдыра білді.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Бердали Қайрат Қыстаубайұлы (лицензия А80001471 26.06.2003 ж.) 2021 жылдың 28 ақпанында келіссөз болған азаматтық Назарова Зарра Қалдыбаеваның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі 3 В (ЦОН аялдамасы), тел.: 8 701 829 96 44.

Advertisement for Uroprotector medicine. Text: Простатит, аденома, несеп шығару қызметінің бұзылуы, белсіздік?! Еректердің жыныстық қызметі мен зәр шығару жүйесінің бұзылуы өмір сапасын едәуір төмендетеді. Бұл физикалық қана емес, сонымен қатар психо-эмоционалды қолайсыздық тудырады!

Advertisement for Uroprotector medicine. Image of the product box and a person. Text: НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУКАН ЖҮРДЕ! «УРОПРОТЕКТОР» КҮРСТЫҚ БАҚАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ, -30% ЖЕҢІЛДІК